



## Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі N 456 Заңы.

Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы

### МАЗМҰНЫ

#### ҚОЛДАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының 2005.11.22. № 90 Заңымен енгізілген өзгерістер әртүрлі уақытта қолданысқа енгізілген (2-бапты қараңыз). Қажет болған жағдайда "Заң" Деректер базасының 5 версиясының алдыңғы редакцияларын қараңыз.

Осы Заң Қазақстан Республикасында тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге, құқықтық қорғауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айрықша құқық – тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалануға оның иесінің мүліктік құқығы;

1-1) айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілер – жекелеген элементтерінің айырмашылығы бар және тұтынушы ұқсастық тұрғысында бірдей деп қабылдайтын ұқсас белгілер немесе белгілемелер;

1-2) бірдей тауар белгілері – барлық элементтері сәйкес келетін белгілер немесе белгілемелер;

1-3) біртектес тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер – бір функцияны орындайтын, бір тектеске (түрге) жататын, тауарларда бірдей немесе ұқсас белгілерді қолданған кезде тұтынушыда олардың бір өндірушіге тиесілі екені туралы пікір тудыруы мүмкін тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер;

2) бюллетень – тауар таңбалары мен тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;

3) географиялық көрсеткіш – белгілі бір аумақтан, аймақтан немесе жерден шығарылатын тауарды бірыңғайландыру көрсеткіші;

4) жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасы – тауар таңбасы ретінде пайдаланылып жүрген белгі немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге орай, мүдделі тұлғалардың дәлелдемелеріне негізделген құзыретті органның немесе соттың шешімімен жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар таңбасы;

4-1) Мадрид келісімі – 1891 жылғы 14 сәуірдегі Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі;

5) өтініш беруші – тауар таңбасын тіркеуге немесе тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге өтініш берген заңды немесе жеке тұлға;

6) патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

6-1) Сингапур шарты – 2006 жылғы 27 наурыздағы Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шарты;

7) Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасы – 1957 жылғы 15 маусымда Ницце келісімімен қабылданған, кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген сыныптама;

8) тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы (бұдан әрі – тауар таңбасы) – осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі;

9) тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану – тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын қорғалатын тауарларда және қызметтер көрсету кезінде және (немесе) олардың бумасында қолдану, тауар белгісінің немесе тауар шығарылған жердің атауының белгілемесі бар тауарды жасау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, маңдайшажазуларда, жарнамада, баспа өнімінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу;

10) тауар белгісінің немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесі – осы Заңға сәйкес тауар белгісіне айрықша құқыққа немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға айрықша құқыққа ие жеке немесе заңды тұлға;

11) тауар шығарылған жердің атауы – елдің, өңірдің, елді мекеннің, жердің, не басқа географиялық көрсеткіштің атауын білдіретін не құрамында атауы бар белгілеме, сондай-ақ ерекше қасиеттері, сапасы, репутациясы немесе басқа сипаттары негізінен географиялық шыққан жерімен, оның ішінде өзіне тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адам факторларымен байланысты тауарға

қатысты пайдалану нәтижесінде белгілі болған және туындының осындай атаудан шығарылған сілтемесі;

12) ұжымдық тауар таңбасы – бұл заңды тұлғалардың және (немесе) дара кәсіпкерлердің (бұдан әрі – бірлестік) қауымдастығының (одағының) немесе өзге де бірлестігінің немесе бірыңғай сапалық немесе басқа да сипаттамалары бар олар шығаратын немесе сататын тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) белгілеу үшін қызмет ететін тауар таңбасы.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**2-бап. Қазақстан Республикасының тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңдары**

**Ескерту. 2-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қазақстан Республикасының тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актерлерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзге ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**3-бап. Тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган**

1. Уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және тауар таңбаларын, қызмет таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеу;

2-1) тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудың тәртібін анықтау;

2-2) тауар шығарылған жерлердің атауын тіркеудің және (немесе) тауар шығарылған жерлердің атауын пайдалануға құқық берудің тәртібін анықтау;

2-3) тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты тіркеу жөніндегі өтініштің нысанын бекіту ;

2-4) тауар белгісін пайдалануға лицензиялық шартты, қосалқы лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын және кепіл шартын тіркеу туралы өтініштің нысанын бекіту;

3) тауар таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын, қызмет көрсету таңбаларын пайдаланушы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне бақылау;

4) хаттамаларды жазу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, әкімшілік жазалар қолдану;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02 N 237, 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **3-1-бап. Тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы мемлекеттік монополия**

1. Ұжымдық тауар белгісін тіркеуге өтінім қабылдауды; әдеттегі сараптама жүргізуді; өтінім материалдарына өзгерістер мен түзетулер енгізуді; өтінім берушінің бастамасы бойынша тауар белгісіне өтінімдерді сыныптар бойынша бөлуді; тауар белгісіне өтінімді ұжымдық тауар белгісіне қайта өзгертуді және керісінше өзгертуді; Мадрид келісіміне сәйкес халықаралық өтінімді қабылдауды; тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық жіктемесіне сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін дайындауды; халықаралық өтінімге өзгерістер енгізу туралы өтінішті салып жіберуді, ресімдеуді; үшеуден асатын әрбір сынып үшін қосымша өтінімге сараптама жүргізуді; өтінім берілген күннен бастап алты айдан кейін толық сараптаманы жедел әрі жылдамдатып жүргізуді; тіркеуден алдын ала бас тарту туралы шешімге қарсылықтарды қарауды; сараптама шешіміне қарсылық беру мерзімін әрбір айға ұзартып отыруды; сұрау салуға жауап қайтару мерзімін әрбір айға ұзартып отыруды; сұрау салуға жауап қайтарудың, төлемнің, қарсылық берудің өтінім беруші өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді; тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; қорғалатын тауар белгілерінің, қызмет көрсету белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімдеріне өзгерістер енгізуді; тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына арналған тіркеудің, тауар белгісіне арналған және үшеуден асатын әрбір сынып үшін қосымша тіркеудің қолданылу мерзімін ұзартуды; ұзарту туралы мәліметтерді жариялауды; кепіл шартына, бір немесе бір топ өнеркәсіптік меншік объектілеріне қатысты кешенді кәсіпкерлік лицензия беру туралы шартқа сараптама жүргізуді; қосымша келісімдерге сараптаманы және шарттарды тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; мемлекеттік тізілімнен үзінді көшірмелер, анықтамалар беруді; тауар белгілерінің дерекқорындағы белгілемелерді және іздестіру туралы есепті ұсына отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көрсетілген сыныптарына қатысты тіркеуге мәлімделген белгілемелерді алдын ала іздестіруді жүргізуді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды қоса алғанда, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілері мен тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге өтінімдер қабылдау және өтінімдерге сараптама, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне құқықтарды беру туралы шарттарға, лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарға сараптама жүргізу, қорғалатын тауар белгілерінің, қызмет көрсету белгілерінің және тауар

шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.

2. Сараптама ұйымының негізгі қызметімен технологиялық байланысты қызметке:

1) өтінімнің (басым құжаттың) көшірмелерін куәландыру;

2) төлемдерді қайта есепке алу және растау жатады.

3. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 1-тарау 3-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.07.09 N 586, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-тарау. Тауар таңбасын құқықтық қорғау және оны тіркеу шарттары**

### **4-бап. Тауар белгілерін құқықтық қорғау**

Ескерту. 4-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасында тауар белгілерін құқықтық қорғау осы Заңда белгіленген тәртіпте оларды тіркеу негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына орай тіркеусіз беріледі.

2. Тауар белгілерін құқықтық қорғау жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

3. Тауар белгісіне құқық Қазақстан Республикасының Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеу туралы жазбамен куәландырылады және Қазақстан Республикасының Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады.

4. Тауар белгісінің иесі куәлікте көрсетілген тауарлар мен қызметтерге қатысты өзіне тиесілі тауар белгісін пайдалану мен оған иелік етудің айрықша құқығына ие болады. Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар белгісін оның иесінің келісімінсіз ешкім де пайдалана алмайды.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **5-бап. Тауар таңбасы ретінде тіркелетін белгілер**

1. Тауар таңбасы ретінде бейнелеу, сөз, әріп, цифр, көлем белгілері және өзге де белгілер немесе бір тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғалардың біртектес тауарларынан немесе қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін олардың аралас үлгілері тіркелуі мүмкін.

2. Тауар таңбасы кез келген бояулы түсте немесе бояулы түстер үйлесімінде тіркелуі мүмкін.

#### **6-бап. Тауар таңбасын тіркеуге жол бермейтін абсолюттік негіздер**

1. Ажыратылатын реңкі жоқ белгілерден ғана тұратын:

1) тауарлардың(көрсетілетін қызметтердің) белгілі бір түрін белгілеу үшін жалпыға ортақ қолданысқа енген;

2) жалпыға ортақ қабылданған рәміздер мен терминдер болып табылатын;

3) тауарлардың түрін, сапасын, санын, қасиетін, мақсатын, құндылығын, сондай-ақ олардың шығарылған немесе өткізілген жері мен уақытын көрсететін;

3-1) дәрілік заттардың патенттелмейтін халықаралық атауларын білдіретін;

4) алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) тауарларды немесе көрсетілген қызметтерді белгілеу үшін пайдаланылатын олармен тікелей сипаттық байланысы бар тауар таңбаларын тіркеуге жол берілмейді.

7) - 13) алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Көрсетілген белгілер тауар таңбасында басымдық жағдайда болмаса, оның қорғалмайтын элементтері ретінде пайдаланылуы мүмкін.

2. Мемлекеттік елтаңбаларды, тулар мен эмблемаларды, халықаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларын және олардың елтаңбаларын, тулары мен эмблемаларын, ресми бақылаулық, кепілдік және сынамалық таңбаларды, мөрлерді, олимпиадалық рәміздерді, наградаларды және басқа да айырым белгілерін, сондай-ақ араласып кеткен дәрежеге дейін оларға ұқсас белгілерді бейнелейтін белгілер тауар таңбалары ретінде тіркелмейді.

Егер белгі солардан ғана тұратын болмаса және егер оларды пайдалануға тиісті құзыретті органның немесе олардың иесінің келісімі бар болса, мұндай белгілер қорғалмайтын элементтер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

### 3. Тауар таңбалары немесе олардың элементтері ретінде:

1) тауарға немесе оның жасаушысына қатысты жалған болып табылатын немесе жаңылыстыруы мүмкін белгілерді, оның ішінде тауар шығарылған жерге қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектінің атауларын;

2) тауар шығарылған нақты жерді үстірт түрде көрсететін, бірақ тауар басқа аумақтан шығарылғаны туралы қате түсінік беретін;

3) минералды суларды, шараптарды немесе күшті спирт ішімдіктерін бірыңғайландыратын географиялық объектінің атаулары болып табылатын немесе оларды қамтитын белгілерді, осы жерден шығарылмаған сондай тауарларды белгілеу үшін, сондай-ақ егер аударма пайдаланылса немесе белгіде "түрінде", "үлгісінде", "стилінде" деген немесе басқа да осындай сөздер қоса жазылса, сол белгілерді;

4) өзінің мазмұны жөнінен қоғамдық мүдделерге, адамгершілік пен ізгілік принциптеріне қайшы келетін белгілерді тіркеуге жол берілмейді.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **7-бап. Тауар таңбасын тіркеуден бас тартудың өзге де негіздері**

#### 1. Тауар таңбалары ретінде:

1) біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты басқа тұлғаның атына неғұрлым ертерек басымдықпен Қазақстан Республикасында тіркелген және халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар белгілерімен немесе сол тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты сол тұлғаның бірдей тауар белгілерімен;

2) тауарлар мен қызметтердің кез келген түріне қатысты Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар таңбаларымен;

3) біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге (қайтарып алынғандарынан басқа) қатысты басқа тұлғаның атына неғұрлым ертерек басымдықпен тіркеуге мәлімделген белгілемелермен немесе сол тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты сол тұлғаның ұқсас белгілерімен;

4) алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) егер тауар таңбасын тіркеу дараландыру үшін тауар шығарылған жердің атауы тіркелген тауарларға қатысты жүзеге асырылса, тауар шығарылған жердің осы атауын пайдалану құқығы иесінің атына тіркелетін тауар таңбасының қорғалмайтын элементі ретінде олар енгізілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, кез келген тауарларға қатысты Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар шығарылған жер атауларымен олар араласып кеткен дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас белгілер тіркелуге жатпайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тауар белгілерінің қандай да біреуімен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты тауар белгісі ретінде тіркеуге тауар белгісі иесінің келісімі берілген кезде жол беріледі.

## 2. Тауар таңбалары ретінде:

1) олардың неғұрлым ертерек басымдығы болған жағдайда басқа тұлғалардың атындағы Қазақстан Республикасында қорғалатын өнеркәсіпті үлгілер;

2) алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен .

3) өтінім берілген күні авторлық құқықтарды бұзушылықпен Қазақстан Республикасында белгілі әдебиет, ғылым және өнер туындыларының атаулары, белгілі өнер туындылары мен олардың фрагменттері;

4) осы адамдардың, олардың мұрагерлерінің немесе құқық мирасқорларының жеке мүліктік емес құқықтарын бұза отырып, олардың тектерін, есімдерін, бүркеншік аттарын және солардан таралатын есімдерді, портреттері мен факсимилелерін қайталайтын, сондай-ақ егер бұл белгілер Қазақстан Республикасы тарихы мен мәдениетінің игілігі болып табылса, олар тиісті құзыретті органның рұқсатынсыз тіркелмейді.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 8-бап. Өтінім беру

1. Тауар белгісіне өтінімді сараптама ұйымына бір өтінім беруші береді.

2. Ұжымдық тауар таңбасына өтінім ұжымдық тауар таңбасын пайдалану туралы оған қатысушылардың келісіміне сәйкес бірлестік атынан беріледі.

3. Өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.



## 9-бап. Тауар белгісін тіркеуге арналған өтінімге қойылатын талаптар

Ескерту. 9-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Өтінім бір тауар таңбасына қатысты болуға тиіс.

2. Өтінім бір үлгі бланкіде берілуге және:

1) өтінім берушіні, сондай-ақ оның орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін көрсете отырып, белгілемеге сараптама жүргізу туралы өтінішті;

2) мәлімделген белгіні;

3) Тауарлар мен қызметтердің халықаралық сыныптамасына сәйкес тауарлардың және (немесе) қызметтердің тізбесін қамтуға тиіс.

3. Өтінімге:

1) сараптама жүргізу жөніндегі сараптама жасау ұйымы қызметтерінің ақысы төленгенін растайтын құжат қоса тіркелуге тиіс. Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді;

2) іс жүргізу өкіл арқылы жүзеге асырылған жағдайда сенімхат;

3) ұжымдық тауар таңбасын өз атына тіркеуге уәкілетті ұйымның атауын, бұл таңбаны тіркеу мақсатын, осы таңбаны пайдалануға құқылы субъектілер тізбесін, ұжымдық тауар таңбасымен белгіленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен бірыңғай сапасын немесе өзге де сипаттамаларын, оны пайдалану шарттарын, оны пайдалануды бақылау тәртібін, ұжымдық тауар таңбасы жарғысының ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықты қамтитын ұжымдық тауар таңбасы жарғысы (ұжымдық тауар таңбасына өтінім берілген жағдайда) қоса тіркелуге тиіс.

4. Өтінім және оған қоса тіркелетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде табыс етіледі. Егер құжаттар басқа тілде табыс етілген болса, өтінім беруші бір ай мерзімде олардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасын тапсырады.

5. Өтінім берілген күн осы баптың 2-тармағының талаптарына сай өтінімнің сараптама жасау ұйымына түскен күні бойынша, егер аталған құжаттар бір мезгілде табыс етілмеген жағдайда - табыс етілген құжаттардың соңғысы келіп түскен күн бойынша белгіленеді.

6. Тауар таңбасына өтінімді жасау, ресімдеу және қарау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 №

300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **10-бап. Тауар таңбасының басымдығы**

1. Тауар таңбасының басымдығы сараптама жасау ұйымына өтінімнің түскен күні бойынша белгіленеді.

2. Егер сараптама жасау ұйымына өтінім беру аталған күннен бастап алты ай ішінде жүзеге асырылса, тауар таңбасының басымдығы (конвенциялық басымдық) Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елде, сондай-ақ онда көзделген халықаралық немесе аймақтық ұйымда тауар таңбасына бірінші өтінім (өтінімдер) берілген күн бойынша белгіленуі мүмкін. Конвенциялық басымдыққа өтініш жасалған кезде өтінім беруші алғашқы өтінім нөмірін, берілген күнін және ол берілген елді көрсетіп, алғашқы өтінімнің куәландырылған көшірмесін қоса тіркеуі қажет.

3. Ресми танылған халықаралық көрмелердің экспонаттарына орналастырылған тауар таңбасының басымдығы (көрмелік басымдық), егер сараптама жасау ұйымына тауар таңбасына өтінім беру көрсетілген уақыттан бастап алты ай ішінде жүзеге асырылса, көрмеде экспонатты ашық көрсете бастаған күн бойынша белгіленуі мүмкін.

4. Конвенциялық немесе көрмелік басымдық құқығын пайдаланғысы келетін өтінім беруші мұны тауар таңбасына өтінім берген кезде немесе өтінім сараптама жасау ұйымына түскен күннен бастап екі ай ішінде көрсетуге және осындай талаптың заңдылығын растайтын тиісті құжаттарды тапсыруға міндетті.

5. Өтінім бөлінген жағдайда өтінімдердің әрқайсысы бойынша басымдық алғашқы өтінімнің басымдық күні бойынша белгіленеді.

Бөлінген өтінімдер бойынша басымдық - сол өтінім берушінің алғашқы өтінімінің басымдық күні бойынша, ал алғашқы өтінім бойынша неғұрлым ертерек басымдық белгілеу құқығы бар болған кезде, егер бөлінген өтінім берілген күнге алғашқы өтінім қайтарылып алынбаса және қайтарылып алынған болып саналмаса және бөлінген өтінімді беру алғашқы өтінім бойынша шешім шығарылғанға дейін жүзеге асырылса осы басымдық күні бойынша айқындалады.

6. Тауар белгісінің алуан түрлі тауарларға қатысты көптеген басымдығы алуан түрлі тауарларға қатысты өтінім берушінің бір белгілемеге берілген бірнеше өтінімі болған кезде оның өтінішхаты бойынша белгіленеді.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **3-тарау. Тауар таңбасының сараптамасы**

##### **11-бап. Сараптаманы жүргізу тәртібі**

1. Сараптама жасау ұйымы өтінімдер сараптамасын кезең-кезеңмен жүргізеді:

1) алдын ала сараптама – өтінім келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі, оның барысында өтінімнің мазмұны, осы Заңның 5 және 9-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың бар-жоғы тексеріледі. Сараптама нәтижелері бойынша өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберіледі;

2) толық сараптама - өтінім берілген күннен бастап тоғыз ай ішінде жүргізіледі, оның барысында мәлімделген белгінің осы Заңның 6 және 7-баптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі;

3) тауар белгісіне арналған өтінімге сараптама қосымша төлем төленген кезде өтінім берушінің жазбаша өтінішхаты бойынша осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерден бұрын, бірақ өтінім берілген күннен бастап алты айдан кейін жүргізіледі.

2. Сараптама жасау ұйымы сараптаманың кез келген кезеңінде қосымша материалдар сұратуға құқылы, олар өтінім иесіне сұрау салу жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табыс етілуге тиіс.

Өтінім беруші қосымша материалдарды не көрсетілген мерзімді ұзарту туралы өтінішті белгіленген мерзімде табыс етпеген жағдайда іс жүргізу тоқтатылып, өтінім кері қайтарылып алынған болып есептеледі.

**Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **12-бап. Сараптама нәтижелері бойынша шешімдер**

1. Алдын ала жасалған сараптама нәтижелері бойынша өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны, оған тиісті нөмір берілгені, берілген күні және басымдық күні белгіленгені туралы не өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартылғаны туралы дәлелді қорытынды түрінде хабарланады.

Сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға толық сараптама нәтижелері бойынша шығарылған, тіркеу туралы, ішінара тіркеу не тіркеуден бас тарту туралы сараптама қорытындысын жібереді. Тіркеуден алдын ала бас тарту туралы сараптама қорытындысы өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жіберіледі.

2. Өтініш беруші өзіне толық жасалған сараптаманың алдын ала қорытындысы жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде дәлелді қарсылық беруге құқылы, оны қарау нәтижелері бойынша сараптама жасау ұйымы қарсылық келіп түскен күннен бастап үш ай ішінде түпкілікті қорытынды шығарады.

3. Толық жасалған сараптаманың нәтижелері бойынша уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде тауар таңбасын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Тіркеу туралы шешім тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бүкіл тізбесіне не олардың бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін.

4. Тауар таңбасын тіркеу туралы шешім оны тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізгенге дейін неғұрлым ертерек басымдығы бар өтінімнің анықталуына байланысты қайта қаралуы мүмкін.

5. Уәкілетті органның тауар белгісін тіркеу туралы шешімінің негізінде өтінім беруші сараптама ұйымының оң қорытындысы туралы хабарлама алған күннен бастап үш ай ішінде тауар белгісін тіркеу үшін мемлекеттік баж төлемін, сондай-ақ тіркеу туралы мәліметтерді жариялағаны үшін сараптама ұйымының әрекеттеріне төлем жүргізеді.

Өтініш беруші белгіленген тәртіппен тауар белгісін тіркеу үшін мемлекеттік баж төлемі және мәліметтерді жариялағаны үшін сараптама ұйымының әрекеттеріне төлем туралы құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тауар белгісін тіркеу жүзеге асырылмайды, ал тауар белгісіне тиісті өтінім кері қайтарып алынды деп танылады және ол бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

6. Осы баптың 2-тармағына сәйкес шығарылған сараптама қорытындысымен келіспеген жағдайда өтініш беруші сараптаманың қорытындысы жіберілген күннен бастап үш ай ішінде уәкілетті органға оған қарсылық бере алады. Апелляциялық кеңес қарсылық келіп түскен күннен бастап төрт ай ішінде оны қарауға тиіс.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **13-бап. Өтінім берушінің құқықтары**

Өтінім берушінің:

- 1) өтінімді сараптаманың кез келген кезеңінде кері қайтарып алуға;
- 2) өтінімге сараптама жасау барысында туындайтын мәселелерді қарауға қатысуға;
- 3) толық сараптама аяқталғанша өтінім материалдарын мәні бойынша өзгертпей, оларды толықтыруға, анықтауға немесе түзетуге;
  - 3-1) алғашқы өтінімде көрсетілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бөлектелген өтінімдер арасында бөле отырып өтінімді бөлектеу туралы оны қараудың кез келген кезеңінде сараптама аяқталғанға дейін өтініш білдіруге;
- 4) сұрау салуға жауап беру немесе қарсылық білдіру үшін белгіленген мерзімді ұзарту, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы өтініш беруге;
- 5) өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы, бірақ өткізіп алынған мерзім аяқталған күннен екі айдан кешіктірмей қалпына келтіру туралы өтініш беруге;
- 6) қарсы қойылған материалдармен танысуға;

7) апелляциялық кеңеске қарсылық беруге байланысты іс жүргізуді тоқтата тұру туралы өтініш білдіруге;

8) тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін алу құқығын шарт жасамастан басқа тұлғаға беру туралы өтініш білдіруге құқығы бар.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **4-тарау. Тауар таңбасын тіркеу**

##### **14-бап. Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімі**

1. Тауар белгісін тіркеу туралы мәліметтер сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем және тауар белгісін тіркеу үшін мемлекеттік баж төленген кезде Мемлекеттік тізілімге енгізіледі .

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне:

- 1) тауар белгісінің бейнесі;
- 2) оның иелері туралы мәліметтер;
- 3) тауар белгісін тіркеу нөмірі мен күні;
- 4) ұжымдық тауар белгісіне нұсқау;
- 5) соларға қатысты тауар белгісі тіркелген тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі;
- 6) сараптама ұйымына өтінімнің нөмірі мен берілген күні;
- 7) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, ел, алғашқы өтінімнің нөмірі және берілген күні;
- 8) қорғалатын тауар белгісіне құқық беру туралы мәліметтерді қоса алғанда, тауар белгісін тіркеуге қатысты басқа да мәліметтер енгізіледі.

2. Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімі жалпы жұртқа қолжетімді болып табылады. Мүдделі тұлғалардың өтінішхаты бойынша сараптама ұйымы Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме береді.

3. Тауар белгісінің иесі өзінің тегінің, атының және әкесінің атының (ол болған кезде), тұрғылықты жерінің не атауы мен орналасқан жерінің өзгеруі туралы мәліметтерді қоса алғанда, тіркеуге қатысты өзгерістер туралы, сондай-ақ тіркеуді мәні бойынша өзгертпейтін, оларға

қатысты тауар белгісі тіркелген тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесін қысқарту туралы сараптама ұйымын хабардар етуге міндетті.

4. Сараптама ұйымы өзгерістер енгізу туралы өтінішхат берілген және тиісті төлем төленген күннен бастап бір ай ішінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне осы баптың 3-тармағында көрсетілген өзгерістерді, сондай-ақ техникалық сипаттағы қателерді түзету үшін өзгерістерді енгізеді.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізілген күннен бастап екі ай ішінде өтінім берушіге тиісті өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама жіберіледі.

**Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **15-бап. Тіркеудің қолданылу мерзімі**

1. Тауар таңбасының тіркелуі өтінім берілген күннен бастап он жыл бойы қолданылады.

2. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімі оның қолданылуының соңғы жылы ішінде иесі берген өтінішхат бойынша әр жолы он жылға ұзартылады. Тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер өтінішхат берілген күннен бастап бір ай ішінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген өтініш беру мерзімі тіркеудің қолданылу мерзімі аяқталған соң алты ай ішінде берілген иесінің арызы бойынша қалпына келтірілуі мүмкін.

**Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **16-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау**

Тауар белгісін тіркеуге қатысты, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтерді, сондай-ақ тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістерді сараптама ұйымы Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тікелей жазылғаннан кейін екі ай ішінде бюллетеньде және өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне ұжымдық тауар белгісінің иелері туралы мәліметтер қосымша енгізіледі.

**Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **17-бап. Тауар таңбасын қайта тіркеу шарттары**

Тіркеудің қолданылу мерзімі өтіп кеткен, тауар белгісімен айырғысыз дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас тауар белгісі тауар белгісін тіркеудің қолданылуы тоқтатылған күннен бастап бір жыл бойы басқа тұлғаның атына тіркелмейді.

Осы шарт тауар таңбасының иесі тіркеудің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бас тартқан жағдайда да қолданылады.

**Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.03.02. N 237; 07.04.2015 № 300-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **18-бап. Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме**

1. Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме тауар белгісінің тіркелу фактісін, оның басымдығын, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде көрсетілген тауарларға ( көрсетілетін қызметтерге) қатысты тауар белгісіне иесінің айрықша құқығын растайды.

2. Үзінді көшірменің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **18-1-бап. Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану**

**Ескерту. 18-1-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар белгісі, сондай-ақ Қазақстан Республикасында құқықтық қорғалмайтын тауар белгісі ретінде пайдаланылатын, бірақ белсенді пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында кеңінен мәлім болған белгілеме Қазақстан Республикасында жалпы жұртқа белгілі тауар белгісі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпы жұртқа белгілі деп тану жөніндегі жеке немесе заңды тұлғалардың өтінішін уәкілетті органның тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тану жөніндегі комиссиясы қарайды.

Өтінім берілген күннен бастап екі ай ішінде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қажетті құжаттардың бар-жоғын тексереді, өтінім берушіні өтінімнің қарауға қабылдағаны туралы хабардар етеді және бұл туралы мәліметтерді танысу және үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушіліктерді уәкілетті органға жіберу мүмкіндігі үшін интернет-ресурста жариялайды.

Жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң өтінім мен оған қоса берілетін, белгінің жалпы жұртқа белгілі екенін растайтын материалдарды уәкілетті орган қарайды. Көрсетілген мерзім өткен соң уәкілетті орган үш ай ішінде өтінімді қарауды жүргізеді.

Өтінім беруші өтінім материалдарына оны қарау аяқталғанға дейін түзетулер, толықтырулар және нақтылаулар енгізуге құқылы.

Үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушіліктер болған кезде өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі, өтінім беруші оған пікірін өтінімді қарау нәтижелері бойынша қорытынды шығарылғанға дейін ұсынады.

Тауар белгісін (қызмет көрсету белгісін) Қазақстан Республикасында жалпы жұртқа белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

Өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның комиссиясы тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тану туралы шешім не ондай деп танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл мұндай шешім қабылданған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тауар белгісінің иесіне жіберіледі.

Егер өтінім беруші ұсынған нақты мәліметтер белгінің жалпы жұртқа белгілі болуы өтініште көрсетілгеннен өзге күн екенін растаса, тауар белгісі нақты күннен бастап жалпы жұртқа белгілі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп іс жүзінде тану туралы мәліметтер тұтынушыларға жүргізілген сауалнама нәтижелерімен расталады, оны Қазақстан Республикасының аумағында мамандандырылған тәуелсіз ұйым жүргізеді. Сауалнама республикалық маңызы бар қаланы, астананы және облыстық маңызы бар кемінде бес қаланы қамтуға тиіс. Бір елді мекендегі респонденттердің жалпы саны кемінде бір жүз адам болуға тиіс.

Егер:

1) тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тану үшін мәліметтер жеткіліксіз болса;

2) өтінім беруші өзінің тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тануға өтініш білдірген күннен неғұрлым ертерек басымдығы бар, қорғалатын немесе біртектес тауарларға қатысты өзге тұлғаның атына мәлімделген, өтінім берушінің тауар белгісімен айырғысыз дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас тауар белгісі бар екені анықталса, тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп танудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

Уәкілетті орган комиссиясының осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасына осы Заңда тауар таңбасы үшін көзделген құқықтық қорғау беріледі.

3. Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбаларын құқықтық қорғау:

1) тіркеудің қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты;

2) уәкілетті орган комиссиясының тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы шешімінің күшін жою туралы сот шешімінің күшіне енуіне байланысты тоқтатылады

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, белгілемені немесе тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп тану негізінде Қазақстан Республикасының Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тиісті мәліметтер енгізіледі.



Тауар белгісін жалпы жұртқа белгілі деп танудың қолданылу мерзімі оның иесінің өтінішхаты бойынша және тауар белгісінің жалпы жұртқа белгілі екенін растайтын мәліметтер ұсынылған кезде келесі он жыл мерзімге ұзартылады.

Жалпы жұртқа белгілі тауар белгісін тіркеу, оның иесі туралы мәліметтер және осындай тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер Жалпы жұртқа белгілі тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньде жарияланады.

Ескерту. 18-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **5-тарау. Тауар таңбасын пайдалану**

### **19-бап. Тауар белгісін пайдалану шарттары**

Ескерту. 19-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Тауар белгісінің иесі тауар белгісін пайдалануға міндетті.

2. Делдалдық қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлер тауар жасаушы келісім берген жағдайда өз белгісін олар өткізетін тауарларда тауар жасаушының тауар белгісімен қатар пайдалануға, сондай-ақ оны жасаушының тауар белгісінің орнына қоюға құқылы.

3. Ұжымдық тауар белгісінің иелері ұжымдық тауар белгісімен қатар өздері шығаратын тауарларда өз тауар белгілерін пайдалана алады.

4. Кез келген мүдделі тұлға тіркелген күннен бастап үш жыл немесе қарсылық білдірудің алдындағы үш жыл бойы мүлдем пайдаланылмауына байланысты тауар белгісін тіркеудің қолданылуына қарсы уәкілетті органға қарсылық білдіре алады. Қарсылық куәлікте көрсетілген барлық тауарларға немесе олардың бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін және оны апелляциялық кеңес, түскен күннен бастап алты ай ішінде қарауға тиіс.

Тауар белгісін пайдаланудың дәлелі болып оның тіркелуіне себеп болған тауарларда және (немесе) олардың бумасында тауар белгісі иесінің немесе осы Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес тауар белгісіне құқық беру туралы шарттың негізінде осындай құқық берілген тұлғаның қолдануы есептеледі. Тауар белгісімен белгіленген тауарды жасау, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, оны жарнамада, маңдайшажазуларда, баспа басылымдарында, ресми бланкілерде, өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, тауар белгісіне құқықты беру немесе Қазақстан Республикасында өткізілетін көрмелерде тауарлардың көрсетілуі кезінде қолдану, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу тауар белгісін пайдалану болып танылуы мүмкін.

Тауар белгісінің иесі беретін оны пайдалану дәлелдемесі қарсылықта көрсетілген уақыт кезеңіне қатысты болуға тиіс.

Тауар белгісінің пайдаланылмауына байланысты оның қолданылуын тоқтату туралы мәселені шешу кезінде тауар белгісі өзіне қатысты емес жағдайларға байланысты пайдаланылмағаны жөнінде иесі ұсынған дәлелдемелер назарға алынады.

5. Алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6. Жалпы жұртқа белгілі тауар белгісінен аумайтындай дәрежеде онымен бірдей немесе ұқсас және тауар белгісі жалпы жұртқа белгілі деп танылғанға дейін тіркелген тауар белгілерінің иелері уәкілетті орган белгілеген, бірақ жеті жылдан аспайтын мерзім ішінде оларды әрі қарай пайдалану құқығын сақтайды.

7. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына азаматтық айналымға тікелей тауар белгісінің құқық иеленушісі заңды енгізген немесе оның келісімімен енгізілген тауарларға қатысты тауар белгісін басқа тұлғалардың пайдалануы осы тауар белгісіне айрықша құқықты бұзу болып табылмайды.

**Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586 , 2007.03.02. N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **20-бап. Ескертпе таңбалау**

Тауар таңбасына куәлік иесі тауар таңбасына қатар тұстан пайдаланылып отырған белгі Қазақстан Республикасында тіркелген тауар таңбасы екенін көрсететін латынның (R) әрпі түріндегі ескертпе таңбалауын не "тауар таңбасы", "товарный знак" немесе "тіркелген тауар таңбасы" деген сөз белгілерін соға алады.

## **21-бап. Тауар таңбасына құқықты беру**

1. Куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты тауар таңбасына айрықша құқықты оның иесі басқа тұлғаға шарт бойынша беруі мүмкін.

Егер ол тауарға немесе оның дайындаушысына қатысты жаңылыстыруға себепші болатын болса, тауар таңбасына құқықты беруге жол берілмейді.

Тауар таңбасына құқықтың ауысуы, оның ішінде оны шарт бойынша немесе құқық мирасқорлығы тәртібімен беру уәкілетті органда тіркелуге тиіс.

2. Тауар таңбасын пайдалану құқығын тауар таңбасының иесі (лицензиар) басқа тұлғаға (лицензиатқа) куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты лицензиялық шарт бойынша беруі мүмкін.

Лицензиатқа тауар таңбасын пайдалануға рұқсат беретін лицензиялық шарт тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің сапасы лицензиар тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің сапасынан

төмен болмайтыны және лицензиардың осы талаптың орындалуына бақылау жасауға құқығы бар екені туралы талапты қамтуға тиіс.

Тауар таңбасына құқықтың күші тоқтатылғанда, лицензиялық шарттың қолданылуы тоқтатылады.

Тауар таңбасына құқықтың басқа тұлғаға ауысуы лицензиялық шартты тоқтатуға әкеп соқпайды.

3. Тауар белгісіне құқықты беру туралы шарт, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты, тауар белгісінің кепіл шарты жазбаша нысанда жасалып, уәкілетті органда тіркелуге тиіс. Тіркеу туралы жазбаша нысан мен талаптарды сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Тауар белгісіне құқықты беру туралы шартты, лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын, кепіл шартын тіркеу сараптама ұйымы жүргізетін материалдар сараптамасының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, , тіркелген шарттарға қосымша келісімдерді тіркеудің тәртібіне лицензиялық шарттарды тіркеу туралы ережелер қолданылады.

Тауар белгісіне құқықты беру туралы шартты, лицензиялық шартты, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын, кепіл шартын тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысандағы өтініш ұсынылады.

Өтінішке:

1) нысанасы біртектес өнеркәсіптік меншік объектілері болып табылатын шарттың титулдық парақпен жабдықталған төрт данада төлнұсқасы қоса беріледі. Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбамен бекемделіп тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедері және екі тараптың не соған уәкілеттік берілген екі тарап адамдарының қолтаңбалары қойылады.

Лицензиялық шарттар үшін материалдарды тіркеуге беру шартқа қол қойылған күннен бастап алты ай мерзімнен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Шарт түпнұсқаларының орнына шарттың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін;

2) өтініш патенттік сенім білдірілген тұлға немесе өзге де өкіл арқылы берілген жағдайда, сенімхат;

3) мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжат;

4) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Төлем өтініш берілген кезде немесе өтініш келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі. Бір ай мерзімде төлем туралы құжат ұсынылмаған кезде өтініш берілмеді деп танылады .

Лицензиялық шарттар бойынша ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, лицензиардың (қосалқы лицензиардың) басқару органдарының шарт жасасу және заңды тұлғаның атынан өтініш берген жағдайда шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі жөніндегі шешімін ұсынады.

Өзгеге беру шарттары бойынша ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, қорғау құжаты немесе айрықша құқық иесінің басқару органдарының, құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысының шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі жөніндегі шешімін ұсынады.

Өтініш пен басқа да қажетті құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ және орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Егер құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі.

Өтініш бір тауар таңбасына құқықты беру туралы шартқа лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына, кепіл шартына, қосымша келісімге қатысты болуға тиіс.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе уәкілетті органға шарт құжаттарын өз атынан беретін шетелдік заңды тұлғалар шарттарды тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады .

Уақытша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайларын көрсеткен жағдайда, шарттарды тіркеуге байланысты құқықтарды патенттік сенім білдірілген өкілдерсіз жүзеге асырады.

Тараптарының бірі Сингапур шартына қатысушы шет мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғасы болып табылатын құқықтар беру туралы шарттарға сараптама және оларды тіркеу Сингапур шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Өтініш беруші құжаттар тізбесін тіркеу үшін ұсынғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың болуы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінішке қоса берілетін шарт материалдарында сараптама жүргізуге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге төлем шоты беріледі. Бұл жағдайда көрсетілген мерзімдер сараптама жасау ұйымына төлемнің түскен күнінен бастап есептеледі.

Тауар таңбасына құқықты беру туралы шарттың және лицензиялық шарттың қарауға қабылданған материалдары бойынша жиырма күн мерзімде мәні бойынша сараптама жүргізіледі, оның барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тауар таңбасына құқықты беру туралы шарттың және лицензиялық шарттың материалдарына зерделеу жүргізіледі.

5. Жоюға болатын, тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты және лицензиялық шартты тіркеуге кедергі жасайтын негіздер:

1) соған қатысты шарт жасалатын, бірақ оны қалпына келтіру мүмкіндігі бар тауар белгісін тіркеу қолданысының тоқтатылуы;

2) өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға лицензия беруге кедергі келтіретін, бұрын жасалған шарттар бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы;

3) шартта Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және ратификацияланған халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің болуы;

4) құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы, не ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай келмеуі.

6. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 5-тармағында көрсетілген, шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ жоюға болатын негіздер болған жағдайда, сараптама жасау ұйымы өтініш берушіге ол жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсынысы бар сауалды жібереді. Бұл жағдайда осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәні бойынша сараптама жүргізу мерзімдері жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды өткізген күннен бастап есептеледі.

7. Мынадай негіздер болған:

1) соған қатысты шарт жасалатын және оны қалпына келтіруге мүмкіндік жоқ тауар белгісінің тіркеу қолданысы тоқтатылған;

2) осы баптың 6-тармағында көзделген барлық қажетті материалдар мен мәліметтер үш ай мерзімде ұсынылмаған;

3) тараптарда шарт жасасуға қажетті құқықтар болмаған;

4) лицензиялық шартта лицензиаттың қосалқы лицензиялық шартты тіркеу туралы өкілеттігі болмаған және уәкілетті органда тіркелген лицензиялық шарт болмаған жағдайда, сараптама жасау ұйымы тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты немесе лицензиялық шартты тіркеуден бас тарту туралы қорытынды шығарады.

Сараптама жасау ұйымы қорытынды шығарғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, осы қорытындыны уәкілетті органға жібереді.

8. Сараптама нәтижесі оң болған жағдайда сараптама жасау ұйымы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты немесе лицензиялық шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздердің жоқтығы туралы қорытындыны жібереді.

Тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты немесе лицензиялық шартты тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган сараптама жасау ұйымының қорытындысы келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

9. Шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін уәкілетті орган:

1) шарттың титулдық парағында тіркеу күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгені туралы мөртабан басады;

2) тіркелген шарттардың тізіліміне шарт туралы мәліметтерді енгізеді;

3) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін тіркелген шарттың үш данасын қорытындымен бірге сараптама ұйымына жібереді.

Сараптама ұйымы тіркелген лицензиялық шарттар, тауар белгілеріне айрықша құқықтар беру туралы шарттар, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарттары, кепіл шарттары бойынша тіркелген шарттың екі данасын өтініште хат-хабар алысу үшін көрсетілген мекенжай бойынша жібереді және тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркеу нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық деректерін, шарт нысанасын, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын бюллетеньде жариялайды.

Шарттың екі данасы тиісінше уәкілетті орган мен сараптама ұйымында сақталады және бақылау даналары болып табылады.

Кез келген тұлға тіркелген шарттар тізілімінен тіркелген шарттар туралы мәліметке қатысты үзінді көшірмені ашық жариялау үшін алуы мүмкін.

Үшінші тұлғаны шарт мәтінімен таныстыруға, сондай-ақ одан үзінді көшірме алуға шарт тараптарының жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Уәкілетті орган сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты және лицензиялық шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған шарт бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген мекенжай бойынша қайтарылады.

10. Тауар белгісіне құқықты беру туралы шарт лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты. кепіл шарты уәкілетті органда тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**22-бап. Заңды тұлғаны бөлу түрінде қайта ұйымдастыру кезінде тауар таңбасына құқықты беру**

Заңды тұлға бөлінген кезде тауар таңбасына құқық тауарлар өндіру немесе қызметтер көрсету қолына көшкен жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады.

Тауар таңбасының тіркелуіне себеп болған тауарлар өндірудің немесе қызметтер көрсетудің бір бөлігі жаңадан пайда болған заңды тұлғалардың әрқайсысында сақталып қалған жағдайда, жаңа заңды тұлғалар, олардың келісімі болған жағдайда, тауар таңбасының тең иеленушісі болып табылады.

**Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен**

## **6-тарау. Тауар таңбасын тіркеудің қолданылуын тоқтату**

### **23-бап. Тауар таңбасын тіркеуге дау айту**

1. Тауар таңбасын тіркеуге, егер ол осы Заңның 7-бабының 1-тармағының 1)-3) тармақшаларын қоспағанда, 6 және 7-баптарда белгіленген талаптарды бұза отырып жүзеге асырылса, бүкіл қолданылу мерзімі бойы немесе егер ол осы Заңның 7-бабының 1-тармағының 1)-3) тармақшаларында белгіленген талаптарды бұза отырып жүзеге асырылса, тауар таңбасы тіркелген күннен бастап бес жыл ішінде дау айтылып, ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Кез келген мүдделі тұлға осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша тауар таңбасының тіркелуіне қарсы уәкілетті органға қарсылық бере алады.

Тауар таңбасының тіркелуіне қарсы қарсылықты ол түскен күннен бастап алты ай ішінде апелляциялық кеңес қарауға тиіс. Қарсылық беруші тұлғаның, сондай-ақ тауар таңбасы иесінің даудың қаралуына қатысуға құқығы бар.

**Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен**

### **24-бап. Тауар белгісінің тіркелуін қолдануды тоқтату және оны жарамсыз деп тану**

**Ескерту. 24-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Тауар белгісінің тіркелуін қолдану:

1) осы Заңның 15-бабында көзделген оның қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты;

2) тауар белгісі иесінің – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметінің тоқтатылуына немесе оның қайтыс болуына, заңды тұлғаның таратылуына байланысты;

3) тауар белгісі иесінің одан бас тартуы туралы берген жазбаша арызы негізінде;

4) осы Заңның 19-бабының 4-тармағына сәйкес тауар белгісі пайдаланылмаған жағдайда;

5) алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Осы Заңның 23-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша апелляциялық кеңестің немесе соттың шешімімен, тауар белгісінің тіркелуі толық немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

3. Сараптама жасау ұйымы Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тауар белгісін тіркеудің қолданылуы тоқтатылуына немесе оның, жарамсыз деп танылуына байланысты оның күшін жою туралы жазба енгізеді.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2012.01.12 № 537-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **7-тарау. Тауарлар шығарылған жер атауларын құқықтық қорғау және оларды тіркеу шарттары**

### **25-бап. Тауарлар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау**

1. Қазақстан Республикасында тауар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау осы Заңда көзделген тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына орай оларды тіркеу негізінде беріледі.

2. Тауар шығарылған жер атауын пайдаланудың айрықша құқығы ерекше қасиеттері табиғи жағдайларды және (немесе) адами факторларды қоса алғанда, тек қана немесе негізінен географиялық ортаға байланысты тауарларды осы географиялық объектіде өндіретін бір немесе бірнеше кәсіпкерлік субъектісіне берілуі мүмкін.

3. Шет мемлекеттегі географиялық көрсеткішті, егер осы көрсеткіштің атауы осындай атау ретінде тауар шығарылған елде қорғалса, тауар шығарылған жердің атауы ретінде мемлекеттік тіркеуге жол беріледі. Көрсетілген тауар шығарылған жердің атауын пайдаланудың айрықша құқығының иесі тауар шығарылған елде осындай атауды пайдалану құқығы қорғалатын тұлға ғана болуы мүмкін.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **26-бап. Тауарлар шығарылған жердің атауы ретінде тіркелетін белгілер**

1. Тауар шығарылған жердің атауы ретінде елдің, өңірдің, елді мекеннің, жердің немесе басқа да географиялық объектінің қазіргі немесе тарихи, ресми немесе бейресми, толық немесе қысқартылған атауы, сондай-ақ осындай атаудан шыққан белгі және олардың тауардың көріністік атауымен тіркесі тіркелуі мүмкін.

2. Географиялық объектінің атауын білдіргенімен немесе қамтығанымен, бірақ Қазақстан Республикасында тауардың өндірілген жерімен байланысты емес оның белгілі бір түрінің белгілері ретінде жалпы қолданысқа енгізілген белгілер тауар шығарылған жердің атауы болып танылмайды.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **27-бап. Тауарлар шығарылған жерлердің атаулары ретінде тіркелмейтін белгілер**



Тауарлар шығарылған жерлердің атаулары ретінде:

1) тауар шығарылған жерге қатысты жаңылысуға әкеп

соқтыратындай географиялық объектілердің атаулары болып табылатын;

2) тауар өндірілген нақты жерді үстірт түрде көрсететін, бірақ тауардың басқа аумақтан шығарылғаны жөнінде қате түсінік беретін белгілер;

3) тауарлардың шығарылған жерімен байланысты емес, географиялық объектілердің атауын қамтитын белгілер тіркелмейді.

**Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**28-бап. Тауар шығарылған жердің атауына және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге өтінім жасау**

Тауар шығарылған жердің атауына және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге өтінім (бұдан әрі - өтінім) сараптама жасау ұйымына беріледі.

**Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен.**

**29-бап. Өтінімге қойылатын талаптар**

1. Өтінім тауар шығарылған жердің бір атауына қатысты болуға тиіс.

2. Өтінім бір үлгі бланкіде берілуге және:

1) өтінім берушіні (өтінім берушілерді), сондай-ақ оның (олардың) орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін көрсете отырып, атауға сараптама жүргізу және (немесе) атауға құқық беру туралы өтінішті;

2) мәлімделген белгіні;

3) тауардың түрін;

4) тауардың айрықша қасиеттерінің сипаттамасын;

5) тауар өндірілген жердің нұсқамасын (географиялық объектінің шекарасы) қамтуға тиіс.

3. Егер атауы тауар шығарылған жердің атауы ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасының аумағында орналасса, аталған географиялық объектінің шекарасында өтінім беруші ерекше қасиеттері, сапасы, репутациясы және басқа да сипаттамалары негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адам факторларымен айқындалатын тауар өндіретіні туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы өтінімге қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бұрын тіркелген тауар шығарылған жердің атауына айрықша құқық беруге арналған өтінімге уәкілетті органның осы географиялық объектінің шекарасында өтінім беруші Қазақстан Республикасының тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген ерекше қасиеттерге ие тауарды өндіретіні туралы қорытындысы қоса беріледі.

Егер атауы тауар шығарылған жердің атауы ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасса, өтінім берушінің мәлімделген тауар шығарылған жердің атауына құқығын растайтын құжат өтінімге қоса беріледі.

Өтінімге сараптама жасау ұйымының сараптама жүргізу бойынша көрсететін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат та қоса беріледі. Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда, өтінімге сенімхат қоса беріледі.

4. Өтінім мен оған қоса тіркелетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде тапсырылады. Егер құжаттар басқа тілде тапсырылса, онда өтінім беруші өтінім берілген күннен бастап бір ай мерзімде олардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасын тапсыруға тиіс.

5. Өтінімдерді жасауға, ресімдеуге және қарауға қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 N 586, 2007.03.02 N 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **8-тарау. Тауар шығарылған жер атауына сараптама**

### **30-бап. Сараптама жүргізу тәртібі**

1. Өтінім берілген күннен бастап алты ай ішінде сараптама жасау ұйымы сараптама жүргізеді, оның барысында оның осы Заңның 26, 27 және 29-баптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

2. Сараптама барысында сараптама жасау ұйымы қосымша материалда сұратуға құқылы, олар өтініш берушіге сұрау жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тапсырылуға тиіс.

Қосымша материалдарды не осы мерзімді ұзарту туралы өтінішті өтінім беруші белгіленген мерзімде тапсырмаған жағдайда іс жүргізу тоқтатылып, өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі.

**Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен**

### **31-бап. Сараптама нәтижелері бойынша шешімдер**

1. Сараптама нәтижелері бойынша уәкілетті орган:

1) Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен.

2) тауар шығарылған жер атауын тіркеу және (немесе) тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беру туралы;

3) тауар шығарылған жер атауын тіркеуден және (немесе) тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беруден бас тарту туралы тиісті шешім қабылдайды.

2. Өтінім беруші өзіне тіркеуден бас тарту туралы шешім жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде сараптама шешімін қайта қарау туралы өтініш білдіріп, дәлелді қарсылық тапсыруға құқылы.

Қайта шығарылған сараптама шешімімен келіспеген жағдайда өтінім беруші осы Заңның 12-бабының 6-тармағында көзделген тәртіппен қарсылық бере алады.

**Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **32-бап. Өтінім берушінің құқықтары**

Тауар шығарылған жер атауына сараптама жүргізілген кезде өтінім берушіге осы Заңның 13-бабында көрсетілген құқықтар беріледі.

#### **9-тарау. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын тіркеу және беру**

#### **33-бап. Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібі**

1. Сараптама ұйымы Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізіліміне тауар шығарылған жердің атауын, тіркелу нөмірі мен күнін, тауардың ерекше қасиеттерінің сипаттамасын, тұрғылықты жерлерін (орналасқан жерлерін), өтінімнің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының барлық иелері туралы мәліметтерді және көрсетілген мәліметтердегі одан кейінгі барлық өзгерістерді, сондай-ақ тіркеуге қатысты басқа да мәліметтерді енгізеді.

2. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының иесі тіркеу туралы мәліметтерге қатысты өзгерістер жайында сараптама жасау ұйымына хабарлап отыруға міндетті. Өзгерістер туралы жазбаны сараптама ұйымы Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді.

3. Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізілімі жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады. Мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сараптама жасау ұйымы Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізілімінен көшірме береді.

**Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.07.09. N 586; өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **34-бап. Тауар шығарылған жер атауын тіркеудің және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімдері**

1. Аталған географиялық объект аумағында өндірілетін тауардың ерекше қасиеттері сақталған жағдайда тауар шығарылған жер атауларын тіркеу мерзімсіз қолданылады.

2. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап он жыл бойы қолданылады.

3. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі тауар шығарылған жер атауының тіркелуіне қатысты тауардың ерекше қасиеттері сақталған жағдайда оның қолданылуының соңғы жылында берілген иесінің өтініші бойынша әр жолы он жыл ұзартылып отырады.

4. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш осы Заңның 29-бабына сәйкес құзыретті органның қорытындысымен бір мезгілде тапсырылады. Тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер Тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне және куәлікке енгізіледі.

5. Осы баптың 3-тармағында белгіленген өтінім беру мерзімі тіркеудің қолданылу мерзімі аяқталған соң алты айдың ішінде берілген иесінің арызы бойынша қалпына келтіріледі.

**Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен**

#### **35-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау**

Тауар шығарылған жер атауын тіркеуге және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беруге қатысты мәліметтерді, сондай-ақ бұдан былайғы өзгерістерді Тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне тікелей жазылған соң сараптама жасау ұйымы бюллетеньде жариялайды.

**Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен**

#### **36-бап. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы**

1. Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме тауар шығарылған жердің атауын тіркеу фактісін және Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген тауарға қатысты оны пайдалануға иесінің айрықша құқығын растайды.

2. Үзінді көшірменің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **10-тарау. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану**

##### **37-бап. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану шарттары**

1. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының иесіне оны пайдаланудың айрықша құқығы беріледі.

2. Тіркелген тауар шығарылған жер атауымен бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас географиялық объектінің атауын тіркемей, оны біртектес тауарларға қатысты пайдалануға жол берілмейді.

3. Минералды суларды, шараптарды немесе күшті спирт ішімдіктерін бірыңғайландыратын географиялық объектілердің атаулары болып табылатын немесе соларды қамтитын тауарлар шығарылған жерлердің атауларын, егер бұл орайда тауар шығарылған нақты жер көрсетілсе не аударма пайдаланылса немесе белгіде "түрінде", "үлгісінде", "стилінде" деген немесе басқа да осындай сөздер қоса жазылса, осы жерден шығарылмаған осындай тауарларды белгілеу үшін пайдалануға жол берілмейді.

4. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын иеліктен айыру, оны біреуге беру туралы өзге де мәмілелер және лицензиялық шарт негізінде тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беруге жол берілмейді.

**Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **38-бап. Ескертпе таңбалау**

Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының иесі тауар шығарылған жер атауымен қатар тұстан латынның (R) әрпі түріндегі ескертпе таңбалауды, "тіркелген тауар шығарылған жердің атауы", "зарегистрированное наименование места происхождения товара" немесе "ТШЖА тірк." деген сөз белгілерін соға алады.

### **11-тарау. Тауар шығарылған жер атауын құқықтық қорғаудың қолданылуын тоқтату**

#### **39-бап. Тауар шығарылған жер атауының тіркелуіне және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының берілуіне дау айту**

1. Егер тауар шығарылған жердің атауын тіркеу және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беру осы Заңның 26, 27 және 29-баптарында белгіленген талаптарды бұза отырып жүзеге асырылған болса, оған дау айтылып, ол жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Егер тауар шығарылған жердің атауын пайдалану неғұрлым ертерек басымдыққа ие, сондай-ақ Қазақстан Республикасында белсенді пайдалану нәтижесінде кеңінен танымал болған тауар таңбасының болуына байланысты тауарға немесе оны шығарушыға қатысты тұтынушыны жаңылыстыруы мүмкін болса, тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге, тауар шығарылған жердің атауын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер ресми бюллетеньде жарияланған күнінен бастап бес жылдың ішінде дау айтылып, ол жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3. Кез келген мүдделі тұлға уәкілетті органға осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген негіз бойынша тауар шығарылған жер атауының тіркелуіне және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының берілуіне қарсылық бере алады.

Қарсылық осы Заңның 23-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралуға тиіс.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**40-бап. Тауар шығарылған жер атауының тіркелуін және тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының қолданылуын тоқтату және оларды жарамсыз деп тану**

1. Тауар шығарылған жер атауын тіркеу:

1) осы географиялық объектіге тән жағдайлардың жойылуына және Тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімінде осы тауар шығарылған жер атауы жөнінде көрсетілген қасиеттері бар тауар өндірудің мүмкін болмауына байланысты;

2) тауар шығарылған жер атауын құқықтық қорғаудың шығарылатын елде тоқтатылуына байланысты доғарылады.

2. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының қолданылуы:

1) осы Заңның 34-бабында белгіленген оның қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты;

2) осы тауар шығарылған жер атауына қатысты Тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген айырықша қасиеттерді тауардың жоғалтуына байланысты;

3) тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы иесінің уәкілетті органға берген өтініші негізінде;

4) заңды тұлға таратылған немесе жеке тұлға - тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы иесінің кәсіпкерлік қызметі тоқтатылған кезде доғарылады.

3. Тауар шығарылған жер атауын тіркеу және (немесе) тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беру осы Заңның 39-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша апелляциялық кеңестің немесе соттың шешімі бойынша жарамсыз деп танылады.

4. Тауар шығарылған жер атауын тіркеу және (немесе) тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы қолданылуын тоқтатқан немесе олар жарамсыз деп танылған кезде сараптама жасау ұйымы Тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне оларды жою туралы жазба енгізеді.

Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен

**12-тарау. Тауар таңбаларын иелерінің құқықтарын және тауарлар шығарылатын жерлердің атауларын пайдалану құқықтарын қорғау**

**41-бап. Апелляциялық кеңес**

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті органның осы Заңның 12-бабының 6-тармағына, 19-бабының 4-тармағына, 23-бабының 2-тармағына, 39-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша

дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі бөлімшесі болып табылады. Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

1-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейінгі қарау міндетті болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) уәкілетті органның тауар таңбасын тіркеуден бас тарту туралы шешімдеріне (сараптама жасау ұйымының қорытындысына), оның ішінде Мадрид келісімінің 5-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес мәлімделген белгілерге сараптама жасау нәтижелері бойынша қабылданған тауар таңбасын тіркеуден бас тартуларға;

2) уәкілетті органның тауар шығарылған жердің атауын тіркеуден және (немесе) оған пайдалану құқығын беруден бас тарту туралы шешімдеріне;

3) Мадрид келісімінің 5-бабының 6-тармағын қоса алғандағы тауар таңбасының тіркелуіне қарсы;

4) тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және (немесе) оған пайдалану құқығын беруге қарсы;

5) пайдаланбауына байланысты тауар таңбасының тіркелуіне қарсы қарсылықтар берілуі мүмкін

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қарсылықтарды өтініш беруші немесе оның құқықтық мұрагері тікелей өзі не өкіл арқылы береді.

Осы тармақтың 3) - 5) тармақшаларында көзделген қарсылықтарды кез келген мүдделі тұлға тікелей өзі не өкіл арқылы береді.

Қарсылық уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде жазбаша арыз нысанында тікелей беріледі немесе пошта арқылы жіберіледі. Қарсылыққа қоса берілетін материалдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Егер қарсылық факсимильдік байланыс немесе электрондық пошта арқылы берілсе, ол осындай қарсылықты алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасымен расталуға тиіс.

Қарсылық осы Заңда көрсетілген мерзімдер ішінде беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтінім беруші өткізіп алған мерзімі өтінім берушінің өтінішхаты бойынша осы Заңда

белгіленген мерзімдер ішінде қалпына келтіріледі. Мұндай өтінішхат апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

3. Қарсылықты патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берген жағдайда , сенімхат қазақ және орыс тілдерінде беріледі, егер сенімхат басқа тілде (шетел тілінде) берілсе, онда ол қазақ және орыс тілдеріне аударылуға тиіс, сенімхаттың аудармасын нотариат куәландырады. Қарсылықтың материалдарына нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі немесе ол нотариат куәландырғанын растау үшін апелляциялық кеңестің хатшысына көшірмесімен бірге ұсынылады.

4. Берілген қарсылық апелляциялық кеңес алқасының отырысында осы Заңда белгіленген мерзім ішінде қаралуға тиіс. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылықты берген тұлғаның, сондай-ақ қорғау құжаты иесінің өтініші бойынша, бірақ қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім аяқталатын күннен бастап алты айдан асырмай ұзартылуы мүмкін.

5. Қарсылық берген тұлға, тауар таңбасының немесе тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығының иесі апелляциялық кеңеске оның шешімін алған күннен бастап алты ай ішінде сотқа шағым жасауы мүмкін.

Ескерту. 41-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **41-1-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңесте қараудан бас тарту негіздері**

1. Егер:

1) қарсылық апелляциялық кеңесте қаралуға жатпаса;

2) қарсылыққа қол қойылмаса не оған қол қоюға өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса;

3) қарсылық белгіленген мерзімді бұза отырып берілсе және көрсетілген мерзімді ұзарту мен қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ болса;

4) өтініш беруші қарсылық беруді ресімдеуге, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарға қатысты кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоймаса, қарсылықты қарауға қабылдаудан бас тартылады.

Көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда, қарсылық берген тұлғаға алынған қарсылықты қарауға қабылдауға болмайтыны және ол берілген жоқ деп есептелетіні туралы хабарлама жіберіледі .

Қарсылық берген тұлға немесе оның өкілі берілген қарсылықты апелляциялық кеңес алқасының шешімі жария етілгенге дейін қайтарып алуы мүмкін.

Ескерту. Заң 41-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.



#### 41-2-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңес алқасының отырысында қарау

1. Қарсылықты қарау құрамында кемінде бес мүшесі бар апелляциялық кеңес алқасында жүзеге асырылады. Дауды қарау басталғанға дейін апелляциялық кеңес алқасының дербес құрамының құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Апелляциялық кеңес алқасының отырысына қорытынды ұсыну үшін ғылыми ұйымдардың өкілдері мен тиісті бейіндегі мамандар шақырылуы мүмкін.

2. Апелляциялық кеңес алқасы отырысты өткізу мерзімдерін мынадай жағдайларда:

1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен, қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмаса;

2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) тараптардың ұсынуы қажет болғанда;

3) тараптардың өтініші бойынша кейінге қалдыруға құқылы.

3. Қарсылықты қарауға қатысушы тұлғалардың:

1) іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірме жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс беруге және оны алуға;

2) дәлелдемелер ұсынуға;

3) дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

4) апелляциялық процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға;

5) өтініштер мәлімдеуге;

6) апелляциялық кеңес алқасының мүшелеріне ауызша және жазбаша түсініктер беруге;

7) қарсылықты қарау барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынуға;

8) іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштеріне, дәлелдері мен пайымдауларына қарсылық білдіруге құқығы бар.

4. Дау мәні бойынша шешілген жағдайда апелляциялық кеңес алқасы шешім шығарады.

Шешім апелляциялық кеңес алқасы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық кеңес алқасының отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша мынадай:

- 1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;
- 2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;
- 3) қарсылықты қарау мерзімін кейінге қалдыру туралы;
- 4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

5. Апелляциялық кеңес алқасы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде апелляциялық кеңестің шешімін әзірлейді және тараптарға жібереді. Апелляциялық кеңестің шешімі жазбаша нысанда баяндалады және ол кіріспелік, сипаттамалық, дәлелдемелік және қарарлық бөліктерден тұруға тиіс.

Апелляциялық кеңестің шешіміне апелляциялық кеңес алқасының барлық мүшелері қол қояды.

**Ескерту. Заң 41-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **42-бап. Дауларды қарау**

1. Сот тәртібімен қарауға:

- 1) тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің заңдылығы туралы;
- 2) тауар таңбасы немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы иесінің айрықша құқығын бұзу туралы;
- 3) тауар таңбасын пайдалануға лицензиялық шарттар жасасу және оларды орындау туралы;
- 3-1) тауар таңбасын жалпы жұртқа белгілі деп танудың заңдылығы туралы;
- 4) тіркеуден туындайтын құқықтарды қорғауға байланысты басқа да даулар жатады.

1-1. Осы Заңның 41-бабының 2-тармағында көрсетілген уәкілетті органның шешімдеріне арыздар тиісті қарсылықтар апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.

2. Сараптама жасау ұйымы сот шешімі негізінде тіркеуге қатысты өзгерістер туралы мәліметтерді жариялайды.

**Ескерту. 42-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. N 586; 07.04.2015 № 300-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **43-бап. Заңды және жеке тұлғалардың тауар таңбалары және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілігі**

1. Тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын немесе араласып кеткен дәрежеге дейін олармен ұқсас белгілерді біртектес тауарлар мен қызметтерге қатысты, ал жалпы жұртқа белгілі тауар таңбасы болғанда - кез келген тауарлар мен қызметтерге қатысты азаматтық айналымға рұқсатсыз енгізу тауар таңбасының немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы иесінің айрықша құқығын бұзу болып танылады.

Тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын жалпыға бірдей қолжетімді телекоммуникациялық желілерде (Интернетте және басқаларда) рұқсатсыз пайдалану да тауар таңбасы иесінің айрықша құқығын немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын бұзу болып табылады.

2. Қорғалатын тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын, сондай-ақ араласып кеткен дәрежеге дейін олармен ұқсас белгілерді осы Заңның талаптарын бұза отырып біртектес тауарларға пайдаланғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

**Ескерту. 43-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен**

#### **44-бап. Тауар таңбасы иелерінің құқығын немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын бұзған тұлғалардың міндеттері**

Тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын не араласып кеткен дәрежеге дейін онымен ұқсас белгіні заңсыз пайдаланған тұлға:

1) жолсыздықты тоқтатуға және тауар таңбасының немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы иесіне ол шеккен залалдың орнын толтыруға;

2) құқық иеленушінің өзі салған тауар белгісі бар түпнұсқа тауарларды қоспағанда, заңсыз пайдаланылатын тауар белгісі, тауар шығарылған жердің атауы немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме орналастырылған тауарды, тауар қаптамасын жоюға міндетті. Осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болған жағдайларда тауардан және оның қаптамасынан заңсыз пайдаланылатын тауар белгісінің бейнесін, тауар шығарылған жердің атауын немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені жоюға;

3) жұмыстар орындаумен немесе қызметтер көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар белгісін немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

**Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 365-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## 13-тарау. Қорытынды ережелер

### 45-бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті орган тауар белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеу, жалпы жұртқа белгілі тауар белгісін тіркеу, шарттарды тіркеу, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу туралы куәлік беру жөніндегі әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

**Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### 46-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу үшін уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымының қызметкерлері арасынан аттестаттау комиссиясын құрады. Бұл ретте, аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ең аз саны кемінде бес қызметкерден тұрады.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттауды сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардан өтініштердің келіп түсуіне қарай жылына кемінде бір рет өткізеді.

Аттестаттау комиссиясы аттестаттау нәтижелері бойынша кандидатты аттестаттау не аттестаттаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Аттестаттау комиссиясы шешімінің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Аттестаттау комиссиясы шешім шығарған кезден бастап үш ай ішінде мұндай шешімге сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларға куәлік беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін мемлекеттік баж алынады.

### 2. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;

2) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар;

3) қылмыс жасағаны үшін заң тәртібінде белгіленген өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

4) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді.

3. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын адамдарға, оның ішінде уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне жатқызу кезеңіне;

3) осы Заңның 46-2-бабы 1-тармағының 2) және 6) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылған жағдайда, оның қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта жалғастырылады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің өкілі ретінде зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және сараптама жасау ұйымымен іс жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырады. Уәкілетті органмен және сараптама жасау ұйымымен іс жүргізуді сондай-ақ өтініш беруші және (немесе) тауар таңбасының иесі дербес жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар уәкілетті органда және оның ұйымдарында патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы өздерінің өтініш беруші, тауар таңбасының, қызмет көрсету таңбасының және тауар шығарылатын жер атауының иесі ретіндегі құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасу үшін мекенжайларын көрсеткен кезде патенттік сенім білдірілген өкілсіз-ақ өздерінің өтініш беруші, тауар таңбасының, қызмет көрсету таңбасының және тауар шығарылатын жер атауының иесі ретіндегі құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асыра алады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде құпиялы ақпаратқа немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияға қойылатын талаптарды сақтаған кезде құпиялы болып танылады.

**Ескерту. 46-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **46-1-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтары мен міндеттері**

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның), өзімен еңбек шартын жасасқан жұмыс берушінің немесе өзімен немесе өзінің жұмыс берушісімен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тұлғаның мүддесінде мынадай қызмет түрлерін:

1) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік құқықтарын иелену немесе беру мәселелері бойынша консультация беру;

2) тапсырыс берушінің, сенім білдірушінің, жұмыс берушінің атынан және тапсырмасы бойынша тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын және тауар шығарылатын жердің атауларын тіркеуге өтінімдерді ресімдеу және жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

3) тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына және тауарлар шығарылатын жердің атауларына құқықтарды қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және (немесе) сараптама жасау ұйымымен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде хат-хабар алмасуды жүргізу, сараптама шешімдеріне қарсылықтарды дайындау және жолдау, сараптама жасау ұйымы жанындағы сараптама кеңесінің отырыстарына қатысу;

4) лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және (немесе) өзгеге беру шарттарын жасауға, қарауға және кейіннен оларды сараптамаға жіберуге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.

3. Патенттік сенім білдірілген өкіл тауар таңбаларына (қызмет көрсету таңбаларына) және тауар шығарылған жерлердің атауларына өтінімдер беруге және (немесе) қорғау құжаттарын алуға, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беруге байланысты істерді жүргізуге арналған сенімхаттың көшірмесін ұсынған жағдайда, көрсетілген өтінім немесе қарсылық берілген кезден бастап үш ай ішінде патенттік сенім білдірілген өкіл тиісінше сараптама жасау ұйымына және уәкілетті органға сенімхаттың түпнұсқасын ұсынуға міндетті. Түпнұсқалылығы расталғаннан кейін сенімхаттың түпнұсқасы қайтарылуға жатады.

Егер сенімхат шет ел тілінде жасалса, онда міндетті түрде оның нотариус растаған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.

4. Егер патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша мүдделері іс жүргізу туралы өтініш жасаған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғалардың атынан өкілдік етсе немесе оларға консультация берсе немесе оны қарауға өзгеше қатысса, сондай-ақ, егер істі қарауға патенттік

сенім білдірілген өкілдің жақын туысы, жұбайы (зайыбы) және оның жақын туысы болып табылатын лауазымды адам қатысса, ол тапсырманы қабылдамауға міндетті.

**Ескерту. Заң 46-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**46-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін қайтарып алу және оның күшін жою**

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл аттестаттау комиссиясының шешімімен:

1) өзінің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;

3) патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда;

4) патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде;

5) патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;

6) патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе оның әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы баптың 4), 5), және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тізілімнен шығарылған жағдайда, аттестаттау комиссиясының шешімімен куәліктің күші жойылады. Куәліктің күшін жою туралы мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі патенттік сенім білдірілген өкілдің өзінің немесе соған негізі бар үшінші тұлғалардың өтініші негізінде аттестаттау комиссиясының шешімімен қайтарып алынады.

Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларындағы негіздер бойынша тізілімнен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл өзін тізілімнен шығаруға себеп болған негіздер тоқтатылып, тізілімнен шығару туралы шешім жарияланған күннен бастап үш жыл ішінде аттестаттау комиссиясына өтініш берген жағдайда, біліктілік емтиханын қайта тапсырмай-ақ, патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде қайта тіркелуі мүмкін. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған құжаттар бойынша осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздердің жойылу фактісін анықтайды.

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл бұл туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап патенттік сенім білдірілген

өкілдің қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылады, ал оны патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы куәлік қайтарып алынады не оның күші жойылады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы Заңда белгіленген өз міндеттерін адал орындамаған жағдайда, уәкілетті орган құрамы уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрады.

Апелляциялық комиссия алқалы орган болып табылады және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың пікірінше, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіретін патенттік сенім білдірілген өкілдердің қолданыстағы заңнаманы бұза отырып жасаған іс-әрекеттеріне олардың шағымдарын қарайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің іс-әрекеттеріне шағым берген тұлғалар және өздеріне қатысты осындай шағымдар берілген патенттік сенім білдірілген өкілдер апелляциялық комиссияның отырысына қатысуға құқылы.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігінің күшін жою туралы сотқа талап арыз жолдауға ұсыным жасайды не мынадай:

1) дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты немесе объективті шешім қабылдауға ықпал ететін мән-жайлар анықталғанға дейін шағымның қаралуын кейінге қалдыру туралы;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Апелляциялық комиссия туралы ережені уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. Заң 46-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **47-бап. Шет елдерде тіркеу**

1. Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары тауар таңбасын шет елдерде тіркеуге немесе оны халықаралық тіркеуден өткізуге құқылы.

Тауар таңбасын халықаралық тіркеуден өткізуге өтінім сараптама жасау ұйымы арқылы беріледі.

2. Тауар шығарылған жер атауын шет елдерде тіркеу ол Қазақстан Республикасында тіркеліп, осы тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы алынғаннан кейін жүргізіледі.

**Ескерту. 47-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 586 Заңымен**

**48-бап. Шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары**



Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар, азаматтығы жоқ адамдар осы Заңда көзделген құқықтар мен міндеттерді Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларымен бірдей пайдаланады және атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті
---